

*“Ерте жастағы балалардың
заттық ойындары”*


Дайындалған:

Ракипова А.



Тақырыптың мақсаты:

- 1. Жаңа технологияларды пайдалана отырып ұсақ қол моторикасын дамыту.*
- 2. Түстерді білу, бекіту.*
- 3. Ойында заттарды пайдалана білу.*
- 4. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.*
- 5. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөз байлығын молайту.*
- 6. Бастаған істі аяғына дейін жеткізу.*
- 7. Ұжымда жұмыс істеу қасиетін тәрбиелеу.*



- *Баланың ойнайтын алғашқы ойындары бұл заттық ойын. Басқаша түсіндірсек бұл затты игеру. Сіз балаға беретін ойыншықтар арасында қуыршақта, аюда, сайқымазақта, ұсақ ойыншықтар да бар. Бастапқыда бұл ойыншықтардың барлығы үлкендер үшін – балалар ойыншықтарға басқа заттарға қарағандай қарайды, яғни олар үшін ойыншықтардың басқа заттардан айырмасы жоқ. Екінші жылдың басында олардың ойыншықтармен ойнауы елеусіз болады.*










- *3-4 жас аралығында балалар заттық ортадағы қойылатын негізі талаптар мынадай:*
- *Балалар бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) білуге тиісті, жылдың соңына қарай жасыл түсті үйретуге болады. Түстеріне сәйкес топтау заттық құрамына қарай түстерге белгілеу.*
- *Үш пішінді (үшбұрышты, төртбұрышты, дөңгелекті) білуге тиісті. Пішіне сәйкес топтау.*
- *Заттық ортада құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тос таған, ағаш қасық, қоржын, көрпеше, кілемше, ою, білезік, сақина, алқа, сәукеле, тақия, белдік) толық меңгеруге тиісті.*



- **Монтессори материалы төрт түрлі жолмен іске асады:**
- **Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар -**
- 1 «Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю»,
- Керекті құралдар: поднос, шүберек, лейка
- **Мақсаты:** Қозғалыс жүйесін дамыту, қоршаған әлем ішінде тепе-тендікті сақтауға үйрету.
- **Жас мөлшері 3 жастағы балалар.** Материалмен жұмыс жасау жолдары: лейка суға толтырылады. Тәрбиеші лейканы қолына алып жоғары көтереді. Ыдысқа суды құяды. Лейканы қайтадан үстел үстіне қойып, ыдыстағы суды қайтадан лейкаға құяды. Төгіліп қалған суды сүртіп отыру қажет.







- **Сезім мүшесін дамытатын материалдар**
- 1.Көлемін анықтауға арналған материалдар:
- **Ойынның түрі «Сары мұнара»**
- Керекті құралдар: Бұл жерде түсі бір , бірақта көлемі әр түрлі шаршылар пайдаланылады.
- **Мақсаты:** үлкен, кішкентай түсініктері қалыптасады. Моторикасын дамытады.
- **Жас мөлшері 3 жастағы балалар.** Материалмен жұмыс жасау жолдары: кілемнің үстінде шаршылар шашылып жатады. Тәрбиеші баланың алдына ең үлкен шаршыны қояды, ал бала сондай шаршыны сол шаршының үстіне қою керек.
- 1.Затты дұрыс атауға үйрету.
- 2.Заттың атын атау бала сол затты алып келеді.
- 3.Затты атап жаттығады.



- *Математикалық материалдар- математикалық материалдар ойлау қабілетінің дамуына көп септігін тигізеді. Бала ең алғашқыда көптеген заттармен жұмыс жасау арқылы өз білімін жетілдіреді. Монтессори материалы сезімді дамытады, оған қоса математика әлеміне жетелейді. Бала мұнда математикалық ұғымдарды тез игереді. Сан және онға дейін санау жүйесін тез игереді. Математикалық монтессори материалы баланы сенсомоторлық ішкі қажеттілігіне сүйене отырып қанағаттандыру жолдарын іздеуге тырысады. Математикалық материалды пайдалану жүйесін білген соң, түрлі қиын тапсырмаларын қиындықсыз орындайды. Мысалы: ашық түсті моншақтарды пайдалану арқылы сан құрамымен пішін туралы түсініктері пайда болады.*
- *Ойынның аты: «Сылдыр қағаздағы сандар»*
- *Керекті құралдар: ағаш кестелер, сылдыр қағазға 0-9-ға дейін сандардың атауларымен таңбаларымен таныстыру. Қол икемділіктерін дамыту.*
- *Жас мөлшері: 4-5 жастағы балалар*
- *Материалмен жасау жолдары: тәрбиеші 1-3 сандарды үстел үстіне қойып бастырады. Балаға кез- келген санды тандауға рұқсат етіледі. Сабақ екі санды тандаудан басталады. Бала алдына тәрбиеші санды жазу кестесін қойып, санның жазылу ережесіне сүйеніп таңбасын түсіреді. Бала алдымен санды атап, сосын таңбасын жазуға кіріседі. Осылай бірнеше рет қайталанады.*
- *1. Математикалық ұғымдарды тез игереді.*
- *2. Сан және санау жүйесін игереді.*
- *3. Берілген тапсырмаларды қиындықсыз орындайды.*

Сөздік қорын дамыту материалдары - қарым-қатынас жасау үшін адамның сөздік қоры ең басты роль атқарады. Бала туғаннан өсе келе қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін сөйлеуге тура келеді. Балабақшаға келген балаларда сенсорлық период болғандықтан, түрлі ойындар, әңгімелесу мен сұрақтар қою арқылы ойлау қабілетімен сөйлеу қабілеті күрт дамиды. Түрлі әңгімелер айтып тыңдауға көмекшілер ата-аналар болып келеді. Жалпы 2 жастағы бала негізінен 200-ден астам сөздерді меңгереді, ал 5 жастағы бала 3000-нан астам сөздерді игереді. Бала түрлі сұрақтар қою арқылы өзіндік сөздік қорындағы жетпей жатқан қажеттілігін қанағаттандырады. Сөйлеу қабілетін дамыту үшін ойындар мен түрлі жаттығулар қолданады. Мысалы: затты атау, ойын-сипаттама, әңгімені жалғастыр т.б

Мақсаты:

1.Дыбыс пен шуды ажыратады

2.Сөздік қоры байиды

3.Сұраққа толық жауап береді.

4.Сурет бойынша әңгіме құрастырады.

Материалмен жұмыс жасау жолдары: Тәрбиеші себетке бірнеше заттарды салады. Бала затты алып атын атайдыда ,қай жерде ,не үшін пайдаланатынымызды айтып беру керек. Бірдей домалақтарды әр түрлі нәрселермен толтырамыз (құм, күріш, моншақ т.б.) солардың дыбысына қарай бөліп алу.

.Күтілетін нәтиже.

1.Заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады.

2.Алдарына қойған мәселені шешуге үйренеді.

3.Өз бетінше жұмыс жасауға машықтанады.

Бұл әдістің тиімділігі балалар өзін-өзі тәрбиелеуге және ұқыпты болуға үйренеді. Монтессори бақылаушы ретінде баланың ішкі дүниесімен таныса отырып, қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында көп еңбек сіңіреді.

Айналадағы заттық орта туралы түсініктерін қалыптастыруда монтессори әдісін жүйелі түрде қолданамын










- *Педагогикада мектепке дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын түрі- заттық орта. Заттық орта әр түрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т.б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты заттық ортаны мектепке дейінгі педагогикалық құрамның бір бөлігі деп айтуға болады.*



Назарларыңызға рахмет!!!

